ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 қыркүйек №4360-23-00-2/1463 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Сансызбаева,
сот отырысының хатшысы Ғ.Б.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М.Тұрғанбекұлы
талап қоюшының өкілі А.А.Шыныбеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) арасында 2023 жылғы 13 наурызда №13 (бұдан әрі – Шарт 1) және №14 (бұдан әрі – Шарт 2) Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттары жасалған.

Шарттардың 3.1-тармағына және 1-қосымшаға сәйкес, жауапкер Шарт-1 бойынша 16 352 000 теңгеге «Қызылорда қаласы Белкөл кентінің Сарыарқа көшесін орташа жөндеу» жұмысын, Шарт-2 бойынша 20 871 200 теңгеге «Қызылорда қаласы Белкөл кентінің Путейцева көшесін орташа жөндеу» жұмысын Шартқа қол қойылып және жергілікті қазынашылық органдарында тіркелгеннен кейін 45 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген.

Шарттың 9.1 тармағына сәйкес, Шарт тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 25.09.2023
Заңды күшін жоятын күні: 27.10.2023 судья Сансызбаева А.М. 31.10.2023
4360-23-3-1/1578

тіркегеннен күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарттар аумақтық қазынашылық органында 2023 жылғы 12 сәуірде тіркелген.

Жұмыстың орындалу мерзімі 2023 жылғы 27 мамыр, алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшы жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаппен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа жазбаша пікірін ұсынып, онда конкурс бойынша жеңімпаз болып қаңтар айында танылғанын, шарт жобасы жолданбаған соң басқа нысандар бойынша жұмысты бастап кеткендерін, шарттардың тек наурыз айында жасалғандығын, бүгінгі күні жұмыстардың 45 % аяқталып тұрғанын, елдегі битум тапшылығы себебінен асфальт-бетонмен қамтамасыз ету мүмкін болмай отырғандығын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, нақтылап, талап қоюды толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Е.С.Бихожаев сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз қарау ұйғарылды.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-тің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-тің 386-бабының 1-тармағына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 25.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.10.2023 Сулы Сансызбаева А. М., 31.10.2023
4360-23-3-1/1578

Сот отырысында анықталғандай, жұмыс 2023 жылғы 27 мамырда тапсырылуы қажет болған, алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

Жауапкер Шарттар бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамағандықтан, талап қоюшы Шарттарды 2023 жылғы 24 шілдеде біржақты бұзған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде жүгінген.

Осы анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді, сондықтан сот талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша:

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

АК-нің 297-бабына сәйкес егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Шарттардың 8.3-тармағында жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс екендігі қарастырылған.

Шарттардың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы жауапкерден Шарт-1 бойынша 2023 жылғы 27 мамыр мен 24 шілде аралығы, яғни 58 күнге 948 416 теңге (16 352 000 * 0,1% * 58), Шарт-2 бойынша 2023 жылғы 27 мамыр мен 24 шілде аралығы, яғни 58 күнге 1 210 529 ,6 теңге (20 871 200 * 0,1% * 58), жалпы 2 158 945,6 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, іс құжаттарын зерттеп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын, жауапкердің тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту туралы өтінішін негізге ала отырып, тұрақсыздық айыбы мөлшерін 10 пайызға, яғни жалпы 215 894 теңгеге дейін азайтылғаны дұрыс деген қорытындыға келіп, талап қою ішінара қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 6 477 теңге өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні 27.10.2023 Сулы Сансызбаева А. М. 31.10.2023

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 215 894 (екі жүз он бес мың сегіз жүз тоқсан төрт) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 6 477 (алты мың төрт жүз жетпіс жеті) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Сансызбаева

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.10.2023 Судья Сансызбаева А. М. 31.10.2023